

# **ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМАНЫ ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ПРЕЗЕНТАЦИЯ**

**Келісімшарттар және сатып алу бөлімі**

# Кіріспе

Тендерлік құжаттаманы дайындау жөніндегі осы презентацияның (бұдан әрі — «Презентация») мақсаты — Жабдықтаушыларды талаптармен таныстыру, «НКОК Н.В.» компаниясының Тендерге қатысуға шақыру құжаттамасы жиынтығының басым бөлігі үшін ортақ негізгі талаптарды қамтитын тендерлік құжаттаманың толық жинағын дайындау бойынша ұсыныстар мен нақты көмек беру.

Осы Презентация жұмыстарды орындау туралы ұсыныс немесе сіздердің кез келген ұсыныстарыңыздың қабылдануы болып табылмайды, сонымен қатар «НКОК Н.В.» компаниясы мен Жабдықтаушы арасында келісімшарт жасасуды немесе жұмыс көлеміне кепілдік беруді көздемейді.

Осы Презентация тек жабық тендерлерге қатысты.

## Презентацияның мазмұны

- 1-тарау: Тендерге қатысуға шақыру құжаттамасы;
- 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы және мазмұны;
- 3-тарау: Тендерлік құжаттаманың техникалық және коммерциялық тарауларының негізгі ережелері (ТҚШ-ның В1 бөлімі, ТҚШ-ның В2 бөлімі және ТҚШ-ның С бөлімі);
- 4-тарау: Тендерлік ұсыныстарды бағалау.

# 1-тарау: Тендерге қатысуға шақырудың құжаттамасы

## Сізге жіберілген Тендерге қатысуға шақыру құжаттамасы келесілерден тұрады:

- Тендерге қатысуға шақыру хаты (ТҚШ хаты);
- ТҚШ-ның А бөлімі: Тендерге қатысушыға арналған нұсқаулықтар, қосымшаларымен бірге;
- ТҚШ-ның В бөлімі: Тендерлік ұсыныс нысандары
  - ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс
  - ТҚШ-ның В2 бөлімі: Бағасы көрсетілген коммерциялық ұсыныс
- ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттар

# 1-тарау: Тендерге қатысуға шақыру құжаттамасы

## Тендерге қатысуға шақыру хаты

### Тендерге қатысуға шақыру хаты келесі ақпаратты қамтиды:

- Тендер нөмірі;
- НКОК Н.В. туралы жалпы таныстыру ақпараты;
- ТҚШ құжаттамасын қабылдағаннан кейінгі 5 күн ішінде «НКОК Н.В.» компаниясына қайтарылуы тиіс құжаттар;
- тендерлік ұсыныстар жіберу күні («Тендерлік ұсыныс берудің мерзімі»);
- келісімшартты қолдану болжамды кезеңі және қызметтерді / жұмыстарды орындауының басталатын күн;
- Тендер бойынша мәселелерге қатысты ақпарат.

# 1-тарау: Тендерге қатысуға шақырудың құжаттамасы

ТҚШ-ның А бөлімі — Тендерге қатысушыларға арналған нұсқаулықтар

## Бұл құжат келесі нұсқаулықтарды қамтиды:

- ТҚШ қабылданғаннан кейінгі 5 күн ішінде қол қойып, қайтарылуы тиіс құжаттар:
  - Құпия ақпаратты жарияламау туралы мәлімдеме
  - Тендерге қатысуға шақыру хатының қабылданғанын растау
- Тендерлік құжаттамаға қойылатын талаптар;
- Тендерге қатысушылар мен Компанияның сауалдарына қатысты талаптар;
- Келісімшарттың Стандартты талаптары мен ережелеріндегі ескертпелер туралы қағидалар және/немесе баламалы тендерлік ұсыныс беру;
- Тендерге қатысушының Тендерлік құжаттама дайындауға жұмсаған шығыстарын өтеуге қатысты жауапкершілігі.

# 1-тарау: Тендерге қатысуға шақырудың құжаттамасы

## Парақорлықпен және жемқорлықпен күрес туралы талаптар

Келесі тармақтар Тендерге қатысушыларға және «НКОК Н.В.» компаниясының тиісті өкілдеріне қойылатын парақорлықпен және жемқорлықпен күрес туралы талаптардың қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болуы мүмкін бұзылуы болып есептеледі:

- жекелеген тұлғаларға комиссиялық сыйақылар, сыйақылар және жеңілдіктер ұсыну, кез келген түрде пара беру;
- мүдделер қайшылығын тудыратын іскерлік келісімдер/мәмілелер немесе қызметтер;
- тікелей немесе жанама түрде акцияларға ие болу;
- «НКОК Н.В.» компаниясының Мінез-құлық кодексінің талаптарын бұза отырып, әдеттегі әдептілік нормаларынан асатын сыйлықтар мен басқа да сыйақылар;
- «НКОК Н.В.» компаниясының Мінез-құлық кодексінің талаптарын бұза отырып, көлік құралдарын ұсыну, қонақжайлық белгілерін көрсету, сауық шараларын ұсыну және басқа да ақшасыз түрдегі қызметтер көрсету.

# 1-тарау: Тендерге қатысуға шақырудың құжаттамасы

## Құпиялылық туралы ережелер және монополияға қарсы заң (Бәсекелесу туралы заң)

### Тендерге қатысушы:

тендерге қатысы бар кез келген елеулі ақпаратты, соның ішінде:

- оның түпнұсқасын немесе көшірмесін;
- ауызша немесе жазбаша түрде;
- толық немесе ішінара;
- Тендер өткізу туралы ақпаратты немесе оның мазмұнын;
- басқа үшінші тараптарға немесе Тендерлік құжаттаманы дайындауға тікелей қатыспайтын өз қызметкерлеріне
- жария етпеуі немесе
- басқа тараптарға ұсынбауы немесе
- басқа мақсаттарда пайдаланбауы тиіс.



## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны

### ТҚШ-ның В1 бөлімі: Техникалық тендерлік ұсыныстың нысандары

В1 бөліміне келесі құжаттар кіреді (тізбе өзгеруі мүмкін):

- 1-нысан Тендерге қатысу туралы хат
- 2-нысан Әкімшілік ақпарат
- 3-нысан Техникалық ақпарат
- 4-нысан Тендерге қатысушының корпоративтік құрылымы
- 5-нысан ДЕҚҚОҚ
- 6-нысан Тендерге қатысушының ескертпелері
- 7-нысан Жергілікті қамтуды дамыту жоспары

## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы және мазмұны

### ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс

Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсынысты дайындау барысында Тендерге қатысушыға «Техникалық тендерлік ұсыныстың нысандарындағы» барлық сұрақтарға жауап беру қажет.

Техникалық тендерлік ұсыныстың нысандарына толтырылған 1-нысан, 2-нысан, 3-нысан, 4-нысан, 5-нысан, 6-нысан және 7-нысан, сонымен қатар барлық тиісті Қосымшалар кіреді.

Тендерге қатысушы осы құрылымды пайдаланады және ШТҚ-ның В1 бөліміне сай әр Нысанның нөміріне сілтеме жасайды.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс**

### **1-нысан: Тендерге қатысу туралы хат**

Тендерге қатысу туралы хатта Тендерге қатысушы сол Тендерге қатысатынын және қатысу шарттарын қабылдайтынын растайды.

Осы Тендерге қатысу туралы хатында Тендерге қатысушы өзінің тендерлік ұсынысының қолданылу мерзімін растайды.

Тендерге қатысу туралы хатқа Тендерге қатысушының ұйымындағы заңды уәкілетті тұлға қол қоюы тиіс.

**2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы,  
мазмұны  
ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық  
ұсыныс**

**2-нысан: Әкімшілік ақпарат**

2-нысанда Тендерге қатысушы Тендерге қатысушының компаниясы туралы барлық деректерді, соның ішінде мекенжайын, тіркелу нөмірін, иегерлерін, байланысатын тұлғаны, телефон нөмірін, электрондық поштасын және т.б. көрсетуі тиіс, алайда тек осы деректермен шектелмейді.

## **2-тарау Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны**

### **ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс**

#### **3-нысан: Техникалық ақпарат**

3-нысанда Тендерге қатысушы Келісімшарттың бастапқы нұсқасының жұмыс көлеміне, 3-нысанда көрсетілген техникалық талаптарға және техникалық шарттарға сәйкес өзінің техникалық ұсынысын береді.

Осы 3-нысанда міндетті түрде сақталуы тиіс және орындалмауы Тендерге қатысушының техникалық бағалаудан өтпеуіне негіз болуы мүмкін талаптар көрсетіледі.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны**

### **ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс**

#### **4-нысан: Тендерге қатысушының корпоративтік құрылымы**

4-нысанда Тендерге қатысушы төмендегідей негізгі ақпаратты көрсетеді:

- Тендерге қатысушының корпоративтік құрылымы;
- Тендерге қатысушының барлық тиісті компанияларының ұйымдық құрылымы;
- компанияның ұйымдық-құқықтық нысаны (БК, жергілікті компания, халықаралық филиал және т.б. Тендерге қатысушы заңды тұлғаны тіркеу және салық органдарында тіркелу туралы куәліктердің көшірмелері, меншік құқығы туралы куәлік);
- аудиттердің қорытындылары бойынша қаржылық есептер негізінде қаржылық тұрақтылығын растау.

Егер Тендерге қатысушы ҚР және халықаралық компания арасындағы БК/консорциум құрамына кіретін болса, Тендерге қатысушыға Келісімшарт берілген жағдайда Тендерге қатысушы Келісімшарттың Е1 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша Бас компанияның кепілдігін ұсынуға қатысты міндеттемесін растауы тиіс.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс**

### **5-нысан: ДЕҚҚОҚ**

5-нысанда Тендерге қатысушы ДЕҚҚОҚ бойынша нақты көрсеткіштерін, ДЕҚҚОҚ саласындағы басқару құрылымын, Тендерге қатысушының ДЕҚҚОҚ саласын басқаруы туралы ақпаратын ұсынуы тиіс.

Сұрақтарға іс жүзіндегі және шынайы жауаптар беріп, растайтын материалдар ұсыну маңызды.

Егер В1 бөлімінің 5-нысанындағы ДЕҚҚОҚ тарауына қосымшаларды толтыру талабы енгізілген болса, Компания Тендерге қатысушыдан ондай талапты орындауды сұрата алады.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны**

### **ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс**

#### **6-нысан: Тендерге қатысушының ескертпелері/айрықшалықтары**

6-нысанда Тендерге қатысушы Келісімшарттың стандартты талаптары мен ережелеріне қатысты кез келген ескертпелері мен айрықшалықтарын Келісімшарттың тиісті бабына анық сілтеме жасай отырып көрсетуі тиіс.

Тендерге қатысушы Тендерге қатысушыларға арналған нұсқаулықтарды қаперге алып, олардың талаптарына сай Тендерге қатысушы өз талаптары мен ережелерін ұсынбауы тиіс екенін және ондай ескертпелерді және/немесе айрықшалықтарды «НКОК Н.В.» компаниясы қабылдамауға құқылы екенін және осыған байланысты Тендерге қатысушы техникалық бағалаудан өтпей қалуы мүмкін екенін ескеруі тиіс.



## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны**

### **ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс**

#### **7-нысан: Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер**

Тендерге қатысушы Келісімшарт бойынша жұмыс көлемін орындау кезінде Жергілікті қамтуды ұлғайту мүмкіндігін сипаттауы қажет, бұл ретте коммерциялық аспектілер мен қызметтердің сенімділігіне ерекше назар аударуы тиіс.

Жергілікті қамту өзара байланысты ақшалай және ақшалай емес құрамдас бөліктердің жиынтығын білдіреді: қазақстандық персоналға төленетін мақсатты төлемдер, Тауарлардағы жергілікті қамту үшін төленетін мақсатты төлемдер, жергілікті қызметтер үшін төленетін мақсатты төлемдер, шетелдік мамандарды қазақстандық қызметкерлермен алмастыру, қазақстандық қызметкерлерді оқыту, технологиялар табыстау және т.б.

Осы нысанда Тендерге қатысушы Келісімшарт бойынша жұмыс көлемін орындау барысындағы Жергілікті қамтуды дамыту жоспарын нақты сипаттауы тиіс:

- жалпы ақпарат;
- жергілікті материалдар мен қызметтерді пайдалану;
- қазақстандық персоналды жұмысқа қабылдау және оқыту жоспары;
- жергілікті қамту деңгейін арттыру жөніндегі басқа да кез келген жоспарлар.

## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның В1 бөлімі: Бағасы көрсетілмеген техникалық ұсыныс

### 7-нысан: Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер

Тендерге қатысушы Келісімшарттың бір бөлігін құрайтын Жергілікті қамту бойынша төмендегідей негізгі мақсаттарды ұсынуы тиіс

|  |
|--|
| <b>4.3 ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ БОЙЫНША МАҚСАТТЫ ТӨЛЕМДЕР</b><br>МЕРДІГЕР жергілікті ҚАМТУ БОЙЫНША МАҚСАТТЫ ТӨЛЕМДЕРДІҢ ҚҰРАМЫНА кем дегенде келесі элементтерді қосуға міндеттенеді:<br>4.3.1 ЖЕРГІЛІКТІ ПЕРСОНАЛҒА ТӨЛЕНЕТІН МАҚСАТТЫ ТӨЛЕМДЕР (Тендерге қатысушы пайыздық үлесті көрсетеді) (КЕЛІСІМШАРТТЫҢ жалпы сомасының пайыздық үлесі);<br>4.3.2 КЕЛІСІМШАРТТЫ орындау мақсатында сатып алынуы жоспарланып отырған ТАУАРЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ бойынша төленетін мақсатты төлемдер (Тендерге қатысушы пайыздық үлесті көрсетеді) (КЕЛІСІМШАРТТЫҢ жалпы сомасының пайыздық үлесі);<br>4.3.3 ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТТЕР үшін төленетін мақсатты төлемдер (Тендерге қатысушы пайыздық үлесті көрсетеді) (КЕЛІСІМШАРТТЫҢ жалпы сомасының пайыздық үлесі);<br>4.3.4 ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ БОЙЫНША МАҚСАТТЫ ТӨЛЕМДЕРДІ қамтитын, 3.3.1–3.3.4 баптарда көрсетілген санаттарға қатысты төлемдердің сомасын құрайтын КЕЛІСІМШАРТТЫҢ жалпы сомасының пайыздық үлесі (Тендерге қатысушы пайыздық үлесті көрсетеді) (%);<br>4.3.5 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕРСОНАЛДЫҢ саны (Тендерге қатысушы пайыздық үлесті көрсетеді) __ (МЕРДІГЕР тікелей тартуға жоспарлап отырған персоналдың жалпы санының пайыздық үлесі). |
|--|

Жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындау кестесі

| Жыл   | (1) | (2) | (3) | (4) | (5) |
|---|-----|-----|-----|-----|-----|
| ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫҢ әр жылда қол жеткізілетін пайыздық мәні (%)     |     |     |     |     |     |
| Келісімшарттың әр жылда игерілген жалпы сомасының пайыздық мәні (%) |     |     |     |     |     |

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның В2 бөлімі: Бағасы көрсетілген коммерциялық ұсыныс**

### **ТҚШ-ның В2 бөлімі: Бағасы көрсетілген коммерциялық ұсыныс**

Тендерге қатысушы В2 бөлімінің Х нысанын толтыруы тиіс, ол «Бағасы көрсетілген коммерциялық ұсынысты» құрайтын болады.

Келесі аспектілер негізгі болып табылады:

- Тендерге қатысушы Келісімшарт бойынша жұмыс көлемінің нақты талаптарына сәйкес көрсетілген персоналға қатысты тіркелген үлесті мөлшерлемелерді немесе паушалдық бағаларды, не болмаса сағаттық немесе күндік мөлшерлемелерді ұсынуы тиіс;
- Егер қолданылатын болса және В2 бөлімінің Х нысанына енгізілсе, Тендерге қатысушы шығындардың ашықтығы қағидатына және нарықтық тенденцияларға сәйкес келетін бағаларды өзгерту механизмін ұсынуы тиіс;
- Егер қолдануға келсе, Тендерге қатысушы шығындардың бөлінуін (ШУР: шығындар, уақыт, ресурстар және пайда) ұсынуы тиіс;
- Басқа шығындар В2 бөлімінің Х нысанына сай болады.

## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны

### ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама

Келісімшарттық құжаттама келесілерден тұрады:

- Келісім нысаны;
- А қосымша — «Жалпы талаптар мен ережелер»;
- В қосымшасы — «Жұмыс көлемі»;
- В қосымшасы — «Өтемақы және төлемдер»;
- D қосымшасы — «ДЕҚҚОҚ» (қолданылса);
- Е қосымшасы — «Ерекше талаптар мен ережелер» (қолданылса);
- E1 қосымшасы — «Банк кепілдіктерінің нысандары» (қолданылса);
- F қосымшасы — «Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер» (қолданылса);
- G қосымшасы — «Әкімшілік нұсқаулықтар»;
- H қосымшасы — «Өзара жауапкершіліктен босату және залал орнын толтыру туралы шарт»;
- I қосымшасы — «Серіктестер тізімі».

## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны

### ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама

#### Келісім нысаны

Келісімшарттың нысанында келесі негізгі деректер көрсетіледі:

- Келісім тараптары: Компания мен Мердігер;
- растау және Келісімге қол қою шарттары\*;
- қол қою күні;
- қолданылу мерзімі;
- тараптар атынан Келісімге қол қоюшы тұлғалар.

\*«Келісім» және «Келісімшарт» осы мәнмәтінде өзара алмастырылатын сөздер болып табылады.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны**

### **ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама**

#### **А қосымшасы — «Жалпы талаптар мен ережелер»**

А қосымшасында осы Келісімшарттың орындалуына негіз болатын талаптар анықталған. Бұл талаптар басқаларымен қатар келесі негізгі ережелерді көздейді:

- Келісімшарт бойынша құқықтарды табыстау (табыстау туралы ереже);
- жауапкершілік және өтеу кепілдіктері
- кепілдіктер;
- сақтандыру;
- зияткерлік меншік құқығы;
- Мердігердің персоналы;
- Келісімшарттың бұзылуы / орындалуының кідіртуі;
- салықтар;
- Реттеуші құқық

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама**

### **В қосымшасы — «Жұмыс көлемі»**

В қосымшасында Келісімшарт бойынша толық жұмыс көлемі, соның ішінде тиісті талаптар бар. Жұмыс көлеміне Мердігер жеткізетін барлық материалдар және ол көрсететін қызметтер кіреді.

Жұмыс көлемінде Мердігер орындауы тиіс жұмыстар, сонымен қатар оларды орындау шарттары сипатталады.

Егер қолдануға келсе, жұмыс көлемінде Мердігердің жұмысы қалай бағаланатыны және Мердігер жұмыстардың орындалуын қалай бақылауы тиіс екені көрсетіледі.

## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама

### С қосымшасы — «Өтемақы және төлемдер»

С қосымшасы тендерді ұтушымен Келісімшарттың бастапқы нұсқасы келісілгеннен кейін таңдалған ұсыныстағы ТҚШ В2 бөлімінің толтырылған Х нысанын қамтиды.

Келісімшарттың С қосымшасына басқалармен қатар келесі негізгі ақпарат кіреді:

- барлық бағалар мен мөлшерлемелер;
- тиісті коммерциялық шарттар;
- валюта;
- қолдануға келсе, бағаларды реттеу механизмі.



## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама

### D қосымшасы — «ДЕҚҚОҚ»

Егер қолдануға келсе, ДЕҚҚОҚ тарауында Мердігер сақтауға міндетті келесі негізгі аспектілер көрсетіледі:

- ДЕҚҚОҚ процедуралары;
- ДЕҚҚОҚ талаптары;
- оқыту талаптары;
- қоршаған ортаны қорғау мәселелері;
- нақты жұмыс көлеміне қатысты ДЕҚҚОҚ нұсқаулықтары;
- ДЕҚҚОҚ саласын басқару жоспары бойынша талаптар.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама**

**Е қосымшасы — «Ерекше талаптар мен ережелер»**

Е қосымшасы қажет болған жағдайда қолданылады және оған «Жалпы талаптар мен ережелер» атты А қосымшасына енгізілмеген және Келісімшарттың екі тарапы да өзара келіскен кез келген талаптар мен ережелер кіреді.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны**

### **ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама**

#### **F қосымшасы — «Жергілікті қамту туралы ерекше ережелер»**

F қосымшасы Мердігерге келісімшарттың жалпы сомасына пайыздық қатынастағы жергілікті қамтудың мақсатты мәндерін ұсыну бойынша міндетті талаптарды, сонымен қатар Мердігер Компанияға шоттармен бірге ұсынуы тиіс есептілік нысандарын қамтиды.

Осы F қосымшасы Мердігерге оның қосалқы мердігерлеріндегі жергілікті қамту туралы ақпарат ұсыну, сонымен қатар Жергілікті қамтуды дамыту жоспарын ұсыну бойынша қойылатын талаптарды қарастырады.

## 2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама

### **G қосымшасы — «Әкімшілік нұсқаулықтар»**

Әкімшілік нұсқаулықтар сонымен бірге келесі аспектілерді қарастырады:

- шоттар ұсынуға қойылатын талаптар;
- есептілік бойынша талаптар;
- ақпарат алмасу бойынша талаптар;
- жеткізу мекенжайлары;
- байланысатын тұлғалар;
- шоттардың, Келісімшартты жабу туралы актінің, Орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актінің және т.б. үлгілері.

## **2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау, құрылымы, мазмұны ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама**

### **Н қосымшасы — «Өзара жауапкершіліктен босату және залал орнын толтыру туралы шарт»**

Н қосымшасы қажет болған жағдайда пайдаланылады және Өзара жауапкершіліктен босату және залал орнын толтыру туралы шартты (бұдан әрі — «Шарт») қамтиды және Компанияның бір өндірістік алаңында бірнеше Мердігер жұмыс істеп, олардың осы Шартты жасасу арқылы бірін бірі өз қызметтерінің нәтижесінде орын алатын кез келген шығындар немесе залал үшін жауапкершіліктен босатулары тиіс болған жағдайларда қолданылады.

**2-тарау: Тендерлік құжаттаманы дайындау,  
құрылымы, мазмұны  
ТҚШ-ның С бөлімі: Келісімшарттық құжаттама**

**I қосымшасы — «Серіктестер тізімі»**

I қосымшасы «НКОК Н.В.» компаниясының Серіктестерінің тізімін қамтиды.

## 3-тарау: Тендерлік құжаттаманың техникалық және коммерциялық тарауларының негізгі ережелері

### Тендерлік құжаттаманы дайындау

Ұсынылатын тендерлік құжаттама келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс (алайда тек олармен шектелмейді):

- Тендерге қатысушы «Тендерге қатысушыларға арналған нұсқаулықтар» атты А бөлімінде көрсетілген барлық нұсқаулықтарды орындауы тиіс;
- тендерлік құжаттама ағылшын және басқа тілде (орыс тілінде) ұсынылады, бұл ретте нұсқалардың арасында қайшылық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің басым күші болады;
- Тендерге қатысушы Тендерге қатысу туралы хатында өзінің ұсынысында б-нысанға сай «ескертпелерінің» бар-жоғын анық көрсетеді;
- Тендерге қатысушы Тендерге қатысу туралы хатында тендерлік ұсынысында б-нысанға сай баламалы ұсыныстың бар-жоғын анық көрсетеді;
- тендерлік ұсыныстың валютасы ТҚШ В2 бөлімінің Х нысанының ережелеріне сәйкес көрсетіледі;
- Тендерлік ұсыныстың қолданылу мерзімі Тендерге қатысу туралы хатта көрсетіледі — ТҚШ В1 бөлімінің 1-нысаны.

## 3-тарау: Тендерлік құжаттаманың техникалық және коммерциялық тарауларының негізгі ережелері

### Тендерлік ұсыныстар беру

Тендерлік ұсыныстар берудің ақтық мерзімі (..... Атырау уақыты бойынша (GMT +5:00) сағат 12:00) Тендерге қатысуға шақыруда көрсетіледі.

Тендерге қатысушыларға арналған нұсқаулықтарда көрсетілгендей, Тендерге қатысушының ұсынысы «НКОК Н.В.» компаниясына Тендерге қатысушыларға арналған нұсқаулықтарға сәйкес жабық пакетке салынған күйде Тендерлік ұсыныстар беру мерзімінен кешіктірмей келесі мекенжайға жолдануы тиіс:

Қазақстан Республикасы  
060002, Атырау қаласы,  
Смағұлов көшесі, 8, «Каспий» бизнес-орталығы  
**Филиал Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.**  
Кімге: Келісімшарт кеңесінің хатшысы

Тел: +7 (7122) 92 80 00

Тендердің атауы:

Тендердің нөмірі:

Тендерге қатысушының атауы:



## 4-тарау: Тендерлік ұсыныстарды бағалау

### Бағалау кезеңдері

Жабық тендер шеңберінде ұсыныстарды бағалау келісімшарт беру жөніндегі ұсыныс берілгеннен бұрын екі кезеңде жүргізіледі:

1. бағалары көрсетілмеген техникалық және коммерциялық ұсыныстарды бағалау (келісімшарттық аспектілер);
2. бағалары көрсетілген коммерциялық ұсыныстарды бағалау.

Бағалау нәтижелері негізінде тендердің жеңімпазы келісімшарт беруге ұсынылады.

## 4-тарау: Тендерлік ұсыныстарды бағалау

### Техникалық бағалау критерийлері

Тендерге қатысушыларды бағалау ТҚШ В1 бөлімінің 3-нысанында көзделген бағалау жөніндегі талаптарға сәйкес өткізіледі.

Әр тармақ бойынша міндетті талап (мысалы, «Тендерге қатысушының міндетті түрде кеңсесі болуы ...») немесе ең төменгі өту балы («Тендерге қатысушының кем дегенде ... 3 жыл тәжірибесі болуы тиіс»).

ТҚШ-ның жауап берілмеген тармақтары (түсінік берілгеннен кейін), бағаланбайды және, тиісінше Тендерге қатысушы ондай тармақтар бойынша 0 балл алады.

Тендерге қатысушы техникалық бағалаудан ойдағыдай өтуі үшін ТҚШ-ның әр тарауы бойынша ең аз балл мен жалпы балдардың ең аз санын алуы тиіс.

Негізгі талаптардың орындалмауы Тендерге қатысушының техникалық бағалаудан өтпей қалуына негіз болады.

## 4-тарау: Тендерлік ұсыныстарды бағалау

### Коммерциялық бағалау критерийлері

Тендерге қатысушы техникалық бағалаудан ойдағыдай өткеннен кейін ғана бағалау жүргізу үшін коммерциялық ұсыныстар ашылады.

Бағасы көрсетілген коммерциялық ұсыныстарды бағалау экономикалық тұрғыда анағұрлым пайдалы, техникалық жағынан қолайлы тендерлік ұсынысты іріктеу қағидаты бойынша жүргізіледі.

## 4-тарау: Тендерлік ұсыныстарды бағалау

### Тендерге қатысушыларды хабарландыру

Компания Тендерлік ұсыныстардың бағалану барысы туралы қандай да бір ақпаратты ұсынбайды.

Тендерлік ұсынысы ойдағыдай болмаған Тендерге қатысушының әрқайсысына Компания жазбаша түрде хабарлама береді.

«НКОК Н.В.» компаниясы тендерлік ұсынысы ойдағыдай болмаған Тендерге қатысушыларды тек тендердің жеңімпазы Келісімшартты қабылдайтыны және оған қол қоюға дайындығы туралы жазбаша растауын немесе қол қойылған Келісімшартты ұсынғаннан кейін ғана жазбаша хабардар етеді.

**Тендерлік құжаттарды дайындау жөніндегі  
презентацияның соңы**

**РАҚМЕТ!**